

Қожа М.¹, Әбу А.², Амантуров М.³

¹тарих ғылымдарының докторы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік Университеті, Қазақстан, Түркістан қ., e-mail: mukhtar_kozha@mail.ru

² PhD докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ., e-mail: alpamys79_@gmail.com

³ ғылыми қызметкер, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік Университеті, Қазақстан, Түркістан қ., e-mail: amanturov1971@mail.ru

**ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНАН
ЖАҢАДАН ТАБЫЛҒАН ТАС МҮСІНДЕР**

Мақалада Оңтүстік Қазақстан облысы аумағынан жергілікті тұрғындар 2017 жылдың күз мезгілінде үйдің іргетасына ауыл маңынан қажетті тас іздеп қазғанда, табылған екі тас мүсін және бір қола қанжардың зерттелуі баяндалады. Тас мүсіндер табылған тарихи мекеннің сакральдылығын әрі оның семиотикалық болмысын айқындайды. Бұл ізденіс осындай өзге ескерткіштердің шығу-тегі мен тарихына және әлі де жетіспейтін этностық трансформациясына қатысты ғылыми зерттеулерге көмегі тиетін болады. Аталған ескерткіштер табылған жерді байырғы түркі дәуірінің обалар қорымы (мүмкін барық) деп болжауға толық негіз бар.

Түйін сөздер: археология, тарих, оғыздар, барық-ғибадатхана, Қаратау, Оңтүстік Қазақстан, ортағасырлық қорым.

Kozha M.¹, Abu A.², Amanturov M.³

¹Doctor of Historical Sciences, International Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmet Yasavi, Kazakhstan, Turkestan, e-mail: mukhtar_kozha@mail.ru

²PhD doctoral student, Kazakh National University named after al-Farabi, Kazakhstan, Almaty, e-mail: alpamys79_@gmail.com

³Scientific Officer, International Kazakh-Turkish University named after Khodja Ahmet Yasavi, Kazakhstan, Turkestan, e-mail: amanturov1971@mail.ru

New stone sculpture from South Kazakhstan

The article presents the results of research conducted on the territory of the SKO, where stone sculptures and a bronze dagger were found. These sculptures were accidentally found by local residents in the autumn of 2017. The study provides an opportunity to reconstruct the medieval burial-commemoration ceremony of the Turkic tribes inhabiting the foothills of the Greater Karatau. This area was supposedly a sacred place in the Middle Ages and had semiotic importance.

Key words: history, Oguzes, sanctuary temple, Great Karatau Mountains, South Kazakhstan, medieval necropolis.

Қожа М.¹, Абу А.², Амантуров М.³

¹доктор исторических наук, Международный Казахско-Турецкий университет имени Ходжа Ахмета Ясави, Казахстан, г. Туркестан, e-mail: mukhtar_kozha@mail.ru

²PhD докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: alpamys79_@gmail.com

³научный сотрудник, Международный Казахско-Турецкий университет имени Ходжа Ахмета Ясави, Казахстан, г. Туркестан, e-mail: amanturov1971@mail.ru

Новые каменные изваяние из Южного Казахстана

В статье представлены результаты исследований, проведенных на территории ЮКО, где были найдены каменные изваяния и бронзовый кинжал. Эти изваяния были случайно найдены

местными жителями осенью 2017 г. Исследование дает возможность реконструировать средневековый погребально-поминальный обряд тюркских племен, населявших предгорья Большого Каратау. Данная местность предположительно являлась в средневековье сакральным местом и имела семиотическую важность.

Ключевые слова: тарих, огузы, храм-святилище, горы Большой Каратау, Южный Казахстан, средневековый некрополь.

Кіріспе

Тас мүсіндер табылған жер Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданындағы Абай ауылының (бұрынғы Калинин совхозының «Октябрь» бөлімшесі) маңында орналасқан. Осы ауылдың жергілікті тұрғындары 2017 ж. күз мезгілінде үйдің іргетасына ауыл маңынан қажетті тас іздеп қазғанда, екі тас мүсін және бір қола қанжар тауып алған. Бұл жәйт, сол уақытта әлеуметтік желілерде, интернеттегі youtube арнасы арқылы да бұқара арасында кең таралады.

Зерттеу жұмыстарының мақсаты мен әдістемесі

Тас мүсіндердің табылуына орай, Шәуілдір кентінде тұратын, «Отырар археологиялық музей-қорығының» құрметті директоры, белгілі археолог Н.О. Алдабергеновтің қатысуымен осы жолдардың авторлары Созақ ауданына арнайы іс-сапармен барып жергілікті тұрғындардан ақпарат жинап, тас мүсіндердің өлшемдерін алып, олардың сызбасын қағазға түсіріп, әуелде табылған орнына барып, мүсіндерді жасалу техникасын анықтап, орналасқан орнына ерекше мән бере отырып, толықтай құжаттау жұмыстарын жүргізді.

Нәтижелер мен талқылау

Табылған тас мүсіндер қолды болмас үшін Созақ ауданының әкімі С. Полатовтың тапсыруымен С. Қожанов атындағы өлкетану музейіне жеткізілген. Мүсіндер қазіргі күні музейдің көрме залына қойылған. Тас мүсіндер табылған орын Абай ауылының оңтүстігіндегі, Қаратау жотасына тиісті Келіншектауға қарай 5 шақырым қашықта, сол Келіншектаудың етегінде ағып жатқан Арпаөзенге жақын жерде. Жер бедерінде бір топ шағын төбешіктердің сұлбасы да анық байқалады.

Бірінші тас мүсіннің сипаттамасы. Аталған орындағы тастар үйіндісі ішінен табылған бірінші тас мүсін сипаттамасы бойынша, тұтас жалпақ тақта тастан қашалған. Бас жағы мойны тұсынан

сынған. Бақылау-барлап маңайды шолу кезінде жақын маңайдан тас мүсіннің басы табылмады. Тастың биіктігі 85 см, қалыңдығы 9-6-9 см, ені 35-32-36 см, иығына қарай қусырыла қашалған (1-сурет). Алдыңғы жағынан қарағанда, малдас құрып отырған ер кісі бейнесі аңғарылады. Мойнында бедерлі мойындық сызықтар бейнеленген. Мойын тұсы өлшемі 17 см. Кеуде тұсында көтерілген оң қолының бас бармағы мен сұқ саусағымен тұғыр табанды құтының түбінен ұстап тұр. Сыртқы киімінің төменгі бөлігі аяғын жапқандықтан тек етігінің ұшы ғана көрініп тұр.


Сол қол саусақтары бүгілген қалыпта, ұшы жағы мүмкін жоғары қаратылған пышақты не қанжарды сабынан қысып ұстаған күйінде салынған. Киген киімнің жеңінің шеті, білек пен қары жілігінің бұлшық еттері анық бейнеленген. Оң жақ беліне қапталдай қаптарғақтың тоғалы ілгіші белдікке қынапқа салынған әлдебір зат түрінде ілінген. Мүсіндегі кісінің аяғы айқастырыла нобайлап салынған. Аяқтарына етік кигізілген. Кеуде тұсында төңкерілген үшбұрыш (мүмкін қайырылған шапанның өңір тұсы?) сұлбасы аңғарылады. Басқа дене мүшесі, киім нақыштары анық көрсетілмеген.

Екінші тас мүсіннің сипаттамасы. Бұл мүсін де сондай тақта тастан қашалған. Ол да тура бел ортасынан (антропоморфты мүсіннің белі тұсынан) сынған, жартылай күйде бізге жетіп отыр. Ұзынша жалпақ тастың белден төмен бәдізделген сұлбасының биіктігі 115 см, қалыңдығы 9-10-9 см, ені 20-46-44-45 см, беліне қарай тарылтып 20 см шамада қашалған (2-сурет). Тас мүсіннің белінен жоғарғы бөлігі жоқ. Қыпша бел етіп мүсінделген тастың төрт қырында да салынған заттардың бейнесі бедерлі етіп қашалған.

Тас мүсіннің алдыңғы жағынан қарағанда малдас құрып отырған кісі бейнесі аңғарылады. Белдің жамбас тұсында кісеге бекіген 5 дана зат салбырата ілінген. Сол қолының жұдырығында қынаптағы қанжар (әлде қысқа қылыш?) тұтқасын ұстап отырғаны, білек тұсында қаптарғақ қалташа байқалады. Малдас құрған аяғының үстінде кісеге екі жерден ілінген қынапқа салынған алдаспан тәрізді

қылыш жатыр. Кісе белдігіне оң жағына да, сол жағына да бекітілген қынап тәрізді бұйым сызықшалармен өрнектелген. Сыртқы киімінің төменгі бөлігі аяғын жапқандықтан тек етігінің басы ғана көрініп тұр. Сыртқы киімінің оң бөлігі сол жақты жауып бедерленген. Сол қолының саусақтары біркелкі салынып, қынабындағы қылышын қысып ұстап отыр. Шеңбер пішіндес бекіткіш қаптарғағы тоғасымен белдікке ілінген. Аяқ үстіндегі ұзын қылыштың сабы бос жатыр, оның сабының басы дөңгелекше келген ойықты, қылыштың балдағы жоқ. Тас мүсіннің екінші бетінде мәнерлеп өрілген алты шаш өрімі тәрізді бедерленген.

Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейіне Бәйдібек ауданынан табылған ғылыми әдебиетте бұрын беймәлім болып келген мүсін жеткізілген (4-сурет). Оның дәл табылған орны белгісіз. Таста тік тұрған кісі бейнеленген. Тастың биіктігі 146 см, ені 32 см, қалыңдығы 27 см. Ондағы бейне бадырақ көзді, мұртты, сол қолында құтысы бар, оң қолы бос, саусақтары белдіктен жоғары етіп қашалған. Тоғалы белдікке қынабымен қылыш, пышақ, «қаптарғақ» ілінген. Мүсіннің оң құлағында сырға бар. Сырғаның пошымы VI ғ. екінші жартысы – VIII ғ. екінші жартысы арасында тараған көне түркі сырға үлгілеріне жақын. IX ғ. бірінші жартысынан кейін көне түркі сырға пошымдары басқа үлгіде болғанын ескерсек, бұл мүсінді VIII ғ. ескерткіші деуге негіз бар.



1-сурет – ШҚ-бал бал-1

Тас ескерткіштің оң қырында белдікке ілінген дөңгелек пішінді қалта бар. Мұндай қалталар оттық, түрлі ұсақ заттар сақтауға арналған. Бұлар әдетте теріден тігілген. Тері қалталар Алтайдағы көне түркі қабірлерінде өте жиі кездеседі. Осыған ұқсас екінші қалта мүсіннің сол қырында салынған. Мүсіннің оң жақтағы қырында жебе салатын қабы – «қорамсақ», қылшан бейнеленген. Бұрын-соңды бізге тас мүсіндер ішінде қылшан немесе қорамсақ бейнеленген үлгі кездескен емес. Бұл тас мүсіндердің көне түркілік екендігіне күмән жоқ.

Тас мүсіннің біріндегі бас бармағы мен сұқ саусағы құтыны табанынан қысып ұстап тұру тәсілдері Майбұлақ жерінен табылған тас мүсінге ұқсастығы өте жақын (Қожа, 2009: 72-77). Сонымен қатар мүсіннің қырында белдікке ілінген дөңгелек нобайлы қалтасы да, Бәйдібек ауданынан табылған мүсіндегі бейнелеу әдісіне ұқсас бейнеленген. Салыстырып отырған тас мүсіндер территориялық жағынан бір аймақта – Қаратаудың екі беткейінде орналасқан. Бәйдібек ауданынан табылған мүсіннің оң құлағындағы сырға пішіні негізінде жасалу мерзімі анықталған. Сырғаның пішіні VI ғ. екінші жартысы – VIII ғ. екінші жартысы арасында тараған көне түркі сырға үлгілеріне жақын (Овчинникова, 1990: 49).

Оңтүстік Қазақстандағы тас мүсіндердің жоғары хронологиялық шекарасы VIII ғ. арабтардың шығысқа қарай жаулап алу жорықтарымен тұспа-тұс келеді (Қожа, 2011: 262-269, Әбу, 2006: 68-73).


Кезінде араб әскерлері VIII ғ. тас мүсіндер табылған Созақ ауданы аймағындағы археологиялық әдебиетте Баба-ата қалашығы деп аталған жерге келіп орныққан. Бұл қала араб әскерінің басшысы Исхақ бабтың резиденциясына айналған-ды. Осы жерден олар дін жаю үшін соғысты. Арабтар Баба-атаны мықты фортификациялық бекініс – қорғанды-қамалға айналдырды. Онда сырт жаудан қорғануға барлық амалдар жасалған: сәулетті қабырғалармен биіктігі 7 м асатын мұнаралар, бұрыштарында мұнаралары бар цитадель-қамал, сумен толтырылған ор болды. Цитадель түбінде орналастырылған наубайхана, су жинау жүйесі, көп уақыт қорғануға мүмкіншілік беретін құдықтар бар (Агеева, Сенигова, 1962: 117-218).

Бізге жеткен көне түрік тас мүсіндері көбінде жерлеу, еске алу үшін ғұрыптық кешендерде (барықтарда), атақты бекзат тұлғаларға арналып бәдіз түрінде, кейде зооморфтық

мүсіндермен қоса, балбал-меңгірлерде адам бейнесінде сомдай қашап тұрғызылған. Мұндай дәстүрдің астарлы мәніне үнілсек, ол тас мүсін жәдігерлердің ғана емес, сол жоғарыда аталған тарихи мекеннің сакральдылығын, әрі оның семиотикалық болмысын айқындайды.

Сонымен қатар заманның бірсыпыра тас мүсіндері кәдімгідей адам бойымен дәлмә-дәл келетіндей, тіпті дене мүшелері мен қимыл қозғалысына дейін айна-қатесіз көркем нақышта да бәдізделген.

Байырғы түріктердің тас мүсіндері символикалық ерекше белгілерімен де көне түрік мәдени кешенінің ажыратылмас бір бөлігі ретінде зерттеушілердің назарын өзіне жиі аударады. Дегенмен, Қазақстанның әр аумағындағы көне түрік тайпаларының бейнелеу өнері олардың таңбалары мен белгілеріне қарай, алдағы уақытта олардың шығу-тегі мен тарихына және әлі де жетіспейтін этностық трансформациясына қатысты ғылыми зерттеулерге көмегі тиетін болады.



2-сурет – ШҚ-бал бал-2

Тарихи тұрғыдан қарағанда, тас мүсіндерді бәдіздеу, қашау қолданысы қоғамдық құбылыс ретінде ғасырлар бойы бірнеше даму сатыларын өткерген. Скиф-сақ заманының әртүрлі кезеңдерінде меңгірлер мен тас мүсіндер шартты түрде белгілі бір жерді өз мүлігі етіп меншіктеген Иесінің мәңгілікке дамылдап жай тауып жатқан, сол киелі өңірдің айқындаушы белгісі.

Мәселен, қола дәуірінің өзінде меншіктеу белгісі туралы біршама күрделі жүйеде болған.

Бұл иелік ету түрі түрлі нысанның меншік иесін айқындаушысы болумен мифтік-салттық кешендер де кеңінен қолданылған.

Байырғы темір дәуірінде меншіктеп иемдену мемлекеттік құрылымның экономикалық қатынастарында өндірістің көшпелі шаруашылық тәсілдерінде кең жайылып, қоғамдық қатынаста мүліктік-дәрежелік айырмашылықтарды туғызды. Мүліктік-дәрежелік айырмашылықтың күшеюі, қоғамның әлеуметтік құрылысында жайылым жерді кеңейту, қайтадан бөлу, иелік меншігін молайтуды тұрақты көздеген әскери-одақтастық негізде құрылған қоғамның көсемдері мен ақсүйектерінің басты қызмет атқаруында да ерекше байқалады.

Ортағасырлық ру-тайпалардан құрылған түрік қоғамында тас мүсіндерді орнату бойынша қолданыстық қызметі мен оның мән-мағынасы ерекше мәртебеге ие болды, әсіресе, бүгінгі этнографиялық кезеңге дейін жалғасын тауып келеді десе де болады.

Осы қатарда көне түрік тас мүсіндерін, балбалдарды талдауда, әрине жаңа ізденістер қажет, оларды жүйелеп, барлық деректемелерді топтастыру үшін біршама уақыт та қажет, сол үшін түрлі мүмкіндіктерді ізденіс жұмыстары кезінде барынша пайдалану керек.

Көшпелі елдің ортағасырлық мүсіндеу өнерінің жарқын көрінісі ретінде жергілікті жердегі тау тастарынан бәдізделіп, ғұрыптық шарамен обаға жерленген мәйіттің қабір басына еске алу, ас беру орындарындағы кешеннің шығыс жақ бөлігінде антропоморфты тас мүсіндер қойылған. Кей жағдайларда тіпті, олардың саны бірнешеу.


Л.Н. Ермоленко қабір құрлысының бірнеше түрі белгілі, (мәселен) қыпшақ кезеңіне тән тас мүсіндердің кейбірі құрлыстың жанына, енді бірі оның ішкі жағына қойылған деп, оның құрылымдық сызбасын бірнеше топқа бөліп қарастырған (Ермоленко, 2004: 132).

Алайда, көшпелі тұрмыстағы түріктердің шығыс және солтүстік тарапты қоныстаған тайпалары арасында тас мүсін, бәдіз жасау өнері орта ғасырларда біршама уақытқа дейін сақталған.


Осы тұста талқыға салып айта кетер, 1994 ж. шыққан «Оңтүстік Қазақстан облысы ескерткіштер жиынтығы» атты кітапты ақтарған оқырман оның беттеріндегі 705 ескерткіш анықтамасынан бірде-бір көне түркілік қорым, не тас мүсін сипаттамасын таппайды. Бұл – Оңтүстік Қазақстан облысы аймағындағы VI-VIII ғғ. жататын көне түркілік ескерткіштер

іздеусіз қалғанын аңғартса керек. Ал аталған өңірде көне түркілік қорымдар барын Шымкент қаласындағы Оңтүстік Қазақстан облыстық

өлкетану және басқа да облыс көлеміндегі аудандық музейлерде сақтаулы тұрған көне түркілік тас мүсіндер айғақтап тұр.



3-сурет – Майбұлақтан табылған бәдіз



4-сурет – Шаян елді мекені айналасынан табылған бәдіз

Қорытынды

Кейінгі жылдарда жүргізілген археологиялық зерттеулер нәтижесі Оңтүстік өлкеде байырғы түркілерге тән ескерткіштердің жеткілікті екендігін анықтап отыр. Бұл ескерткіштер ең алдымен жерлеу дәстүріне арнап тұрғызылған.

Әдетте түркілік оба, бейіт тастан не топырақтан үйілген, оның диаметрі 5-10 м, биіктігі 30 см-ден 1 м дейін барады. Жоспарда төртбұрышты, не шаршы етіп тастан қаланған қоршаулар да кездеседі. Кейде өлген адамды басқа бір жерде өртеп, оның күлін қою дәстүрі де болған. Соңғы дәстүр бастапқы түркілік деп саналады.

Түркілерге дейін жерленген кезеңде әдетте өлген адамның басы батысқа бағытталған болса, көне түркілерде солтүстікке бағыттау тән болған. Түркілерге дейін қабірге мәйіттің жанына қару-жарақ қойылса, көне түркілер кезіңінде қылыш, үзеңгі, металл қапсырмалармен қапталған белдіктер тән болған.

Жоғарыда біз қарастырған Қаратау жотасына тиісті Келіншектауға қарай 5 шақырым қашықта, сол Келіншектаудың етегінде ағып жатқан Арпаөзенге жақын жерден табылған қос тас мүсін түркі дәуіріне, ал олардың қасынан

табылған қола қанжар мерзімі жағынан ерте темір дәуіріне жатады. Біздің болжамымыз бойынша қанжарды түркілердің сакральды орнына құрбандық бұйым ретінде қалдырған.

Мұндағы мүсінде бейнеленген қару-жарақ үлгілеріне, мүсіннің бейнелеу тәсіліне қарап қос тас мүсінді VII-VIII ғасырларда қашалған деген пайым жасаймыз. Және де, мұндағы жер бедерінде (табиғи рельефтен) бір топ шағын төбешіктердің сұлбасы да байқалады. Бұл орын байырғы түркі дәуірінің обалар қорымы (мүмкін барық) деп болжауға толық негіз бар.

Әдебиеттер

Агеева Е.И., Сенигова Т.Н. (1962) Памятники средневековья (раскопки на городище Баба-Ата) Цитадель // Археологические исследования на северных склонах Каратау. Алма-Ата: Издательство Академии наук Казахской ССР. с.117-218.

Әбу А.Ж. (2006) Түріктердің ислам дінін қабылдауы (Оғыз тайпалары немесе мемлекеті мысалында) // «XXI ғасыр Әлем тарихы және Қазақстан» Респ. ғылыми теор. конф. материалдары. (26-қараша) Алматы. 68-73 бб.

Грач А.Д. (1961) Древнетюркские изваяния Тувы. Москва: изд. Восточной Литературы.

Жұмағұлов Қ.Т., Әбу А.Ж. (2009) Түрк кезеңінің (Оғыздардың) ескерткіштері. Еуразия тарихы мен мәдениетіндегі Арал-Сырдария өңірінің орны. Халықаралық ғылыми- конференция материалдары, 23 қазан. Қызылорда.

Ермоленко Л.Н. (2004) Средневековые каменные изваяния Казахстанских степей. Новосибирск.

Қожа М.Б. (2009) Оңтүстік Қазақстан облысы аймағындағы көне түркілерден қалған ескерткіштерді зерттеу мәселелері // Изучение историко-культурного наследия Центральной Евразии. Караганда.

Қожа М.Б. (2011) Мұсылман әскерлерінің Қазақстанның оңтүстігін басып алуы. Ер Едіге және Алтын Орда мемлекеті тұсындағы билер институтының маңыздылығы. 25.11.2011 ж. өткен халықаралық конференция жинағы. Түркістан.

Овчинникова Б.Б. (1990) Тюркские древности Саяно-Алтая. Свердловск.

Свод памятников истории и культуры Казахстана (1994). Южно-Казахстанская область. Алматы: Главная редакция «Қазақ энциклопедиясы».

References

Ageeva Y.I., Senigova T.N. (1962) Pamyatniki srednevekov'ya (raskopki na goroditche Baba-Ata) Citadel // Arkeologicheskie issledovaniya na severnyh sklonah Karatau [Archaeological research at northern lean mountain Karatau]. Almaty: Publishing Academic science Kazakh SSR.

Abu A. Zh. (2006) Turkterding islam dinin kabyldauy. [Turks catch islamic religion (For example the Oguzes traibles or there are government)] // «XXI century at World history and Kazakhstan» The materials of republican research-teoretical conference. (november 26) Almaty.

Grach A.D. (1961) Drevneturkskie izvayaniya Tuvy. [The statui of early century Turks in Tuva]. Moscow. Published house «Vostochnoi Literature».

Yermolenko L.N. (2004) Srednevekov'ye kamennie izvaiyaniya Kazakhstanskih stepei. [Medieval monumental stown statui Kazakhland stepei]. Novosibirsk.

Kozha M.B. (2009) Ongtustik Kazakstan oblysy aimaqyndaqy kone turkilerden kalqan kalqan yeskertkishterdi zertteu maseleleri // Izuchenie istoriko-kulturnogo nasledia Tsentralnoi Eurazii. [Studies of historical-culture heritage Central Eurasian region]. Karaqandy.

Kozha M.B. (2011). Islamic military of occupation the southern Kazakhstan // Yer Yedige zhane Altyn Orda memleketi tusyndaqy biler institutyning mangyzdylqy [Yer Yedige jane Gold Horden time government, Bi institute]. The materials of International conference 25.11. 2011 y. Turkestan.

Martynov A.I., Sher Ya.A. (1989) Metody archaeologycheskogo issledovanya: Uchebnoe posobiye dlya studentov vuzov. [Methods of archaeological research: A manual for university students.] Moscow: Vyssh. Shk. p-223.

Ovchinnikova B.B. (1990) Turkskie drevnosti Sayano-Altaya. [The Turk early history in the Sayan-Altay]. Sverdlovsk. pp. 49.

Svod pamyatnikov istory i kulturny Kazakstana. (1994) [Heritage arch of monuments history and culture of Kazakhstan] The Southern Kazakhstan region. Almaty: Publish house «Kazakh enciklopedyi».